

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы ой-пікірлер.


Топ: ДО-903у

Білімалушы: Оралбекова Ш.

Жоспар:

- Мұсылмандық мектептерді реформалау.
- Жаңа әдістік мектептер мен медреселер.
- Ш.Ш.Уәлихановтың, А.Құнанбаевтың, Ы. Алтынсаринның көзқарастарындағы білім беру, оқыту және тәрбиелеу жүйесіне байланысты мәселелер.



-
- Қазақстанда ХІХ ғасырдың екінші жартысында әртүрлі типтегі орыс-қазақ мектептері ашыла бастады. Орынбор орыс-қазақ мектебі қазақ балаларына арналып, 1850 жылы
 - 22 тамызда салтанатты түрде ашылды. Мектепке 50 бала қабылданды.
 - Ерекше атап өту керек, сол кездегі оқу орындарына тән мектепте белгілі тәртіп орнатылды, атап айтқанда:
 - оқу жылының ұзақтығы белгіленді,
 - оқу мерзімі 7 жыл,
 - мектепке оқушыларды қабылдау (әрбір 2 жылда),
 - жазғы демалыс уақыты (15 маусымнан 15 тамызға дейін);
 - сабақтардың кестесі және тәрбиеленушілердің демалысы енгізді,
 - емтихандардың ережелері жасалды.
-
- 

М.В.Ладыженскийден
кейін Орынбор шекара
комиссиясының төрағасы
орыстың белгілі
шығыстанушы, шығыс
тілдерін жетік білетін
маман Василий
Васильевич Григорьев
(1816-1881)
тағайындалды, бұл
жұмыста ол 1854 жылдан
1859 жылға дейін қызмет
атқарды.



Орынборда В.В.Григорьев әкімшілік қызметпен қатар ғылыми жұмыспен айналысты, ол Орынбор өлкесі қазақтарының тарихы мен мәдениетін зерттеді. Орынбор шекара комиссиясының төрағасы лауазымында жұмыс істей жүріп, Қазақстанда отарлау саясатын қазақтардың тұрмысы мен салтының және қоғамдық қатынастарының ерекшеліктерін ескере отырып, жүргізу қажет деп есептеді. Орынбор мектебі кең байтақ қазақ даласы үшін, тіптен бала саны аз оқу орны болды. Өзінің 19 жыл өтсе де бар болғаны 48 адам бітірген екен.



**«Тәрбиешілер ұжымы
болуы керек»-деп жазды.**

The diagram features a large light blue circle on the left containing the text. Three lines radiate from its right edge to three smaller, overlapping light blue circles on the right. Each smaller circle contains the name of an author. The circles overlap: the top one is partially behind the middle one, and the middle one is partially behind the bottom one.

В.А.Сухомлинский

С. Т. Шацкая

А. С.
Макаренко

A small blue triangle icon pointing to the right, located at the bottom left of the page.


Тәрбиешілер ұжымға біріккен жерде және біртұтас жұмыс жоспары, балаға деген бірыңғай ықпал жоқ жерде ешқандай тәрбие процесі болуы мүмкін емес».

А. С. Макаренко



Омбы мектебі оқушылардың аздығына қарамастан, Ақмола, Семей облыстарының қазақтарының арасында орыс білімін таратуда жағымды рөл атқарды.

1865 жылы 1 қыркүйекте Троицк қаласында бастауыш мектептің салтанатты ашылуы болды. Сонымен, Қазақстанда бастауыш орыс-қазақ мектебі ұйымдастыруда алғашқы қадам жасалды. Торғай қаласында Ыбырай Алтынсариннің ұйымдастырған орыс-қазақ бастауыш мектебінің жұмысын ерекше атауға болады. Бұл мектеп 1864 жылы қаңтарда ашылып, бұл оқиға жас мұғалімнің өмірінде ерекше із қалдырды.



Алтынсарин 1864 жылы 10 наурызда Н.И.Ильминскийге жазған хатында: "Осы жылы қаңтардың 8 күні менің көптен күткен арманым іске асып, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім"¹.





- Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетін жан-жақты зерттеп, ұлттық ағарту ісінің негіздеріне ғылыми еңбектерімен үлес қосқан дарынды ғалым, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұниден соң жеті ғасырдан кейінгі қазақтың ХІХ ғасырдағы тұнғыш ғалым. Шығыстану ғылымына елеулі үлес қосқаны үшін Шоқан 22 жасында орыс География Қоғамының толық мүшесі болды.
- Данышпан ғалым қазақ даласындағы тәлім тәрбиенің басты құралы — жыр (өлең, терме, тақпақ, т.б.) деп, жырдың түрлеріне (жоқтау, қайым иесі, кара өлең, терме, эпостық, жырлар, ғашықтық жырлар) талдау жасап, олардың дүниетанымдық, тәрбиелік мәнін жоғары бағалады.



- Ы.Алтынсарин мектептерге арнап орыс әрпімен оқулықтар жазды, "қазақ хрестоматиясы", "қазақ мектептерінде орыс тілін үйренуге басшылық" деген кітаптардың шығуы қазақ халқы мәдениеті тарихында аса зор оқиға болды. Хрестоматияға білімнің әр саласынан оқу материалдары енді. Оған "Бір уыс мақта" «әңгімесі, "Дүние қалай етсең табылады" өлеңі т.б. енгізілді. Хрестоматияда техника туралы (телеграф, корабль, поезд, темір жол) білімдер болды.
- Ыбырай халықтық дәстүр, аңыз-әңгіме, мақал- мәтел арқылы оқыту мен тәрбиелеуге ерекше назар аударды. Оны хрестоматияға баланы елжандылыққа, төзімділікке тәрбиелейтін халықтық білімдерді енгізгенінен көруге болады.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗ

ҒА

РАХМЕТ!

